

Е.А. ДУЗМАҒАМБЕТОВ

“ТАБИҒАТ” СӨЗІНІҢ ҚАЗАҚТЫҢ ТІЛДІК САНАСЫНДАҒЫ АССОЦИАТИВТІ ӨРІСІ

Адам, өзінің тумысынан, әлеуметтік, қоғамдық тірі организм. Адамның адамдығын оның қоғамда өмір сүру, адамзат жасаған мәдениетінің жағдайлары тудырады. Сондықтан адамның санасы – қоғамда қалыптасқан тілдік мағыналар мен ұғымдар призмасы арқылы көрінетін шындық өмірдің бейнесі.

“Сознание” – это в некотором роде сознание, т.е. совокупность знаний об окружающем мире, которыми так или иначе овладел индивид” [1,4].

“Тілдік сана” мен “әлем бейнесі” ұғымдары өзара байланысты, салыстыруға келетін ұғымдар. Психологтар оны заттар әлемінің, олардың мағыналарының және оларға сай келетін когнитивті схемалардың бірігіп индивид лексикасында бейнеленуі деп таниды.

Әлем бейнесі этнос қоғамының әр мүшесінің қоршаған және әлеуметтік ортаға бейімделу үшін қажет этнос мәдениеті тұрғысынан қарағанда барлық маңызды білімдер жиынтығын құрайтын мәдениеттің негізгі сыңары: ” бұл адамның әлемде әрекет жасайтын дүниені көру призмасы” [2,221].

Орталық мәдениет аймағы (зона), әлем бейнесінің де құрылымы, этногенездің ерте сатысында құрылып, этностың өмір сүру кезеңдерінде ешқандай өзгеріске түспейді. Ол этностың өз өзгешелігін, әр нақтылы мәдениетті анықтайды.

В.В.Красных сана, тілдік сана, шындық өмірге мынадай анықтама береді: “Сознание есть продукт развития материи, специфически человеческая, высшая форма отражения действительности и высший тип психики, которые возникли в ходе исторического развития, в результате перехода к специфически человеческому образу жизни – к жизни в обществе.

Действительность – это все сущее, материальное и идеальное, реально существующее и воображаемое, принадлежащее сознанию и лежащее вне его.

Сознание входит в действительность, но не связано с ней отношениями части и целого.

Языковое сознание – это один из аспектов сознания человека, та “ипостась” сознания, которая связана с речевой деятельностью личности” [3,70].

Тілдің адамның әлем тануындағы қызметі ерте замандарда өмір сүрген түрлі ойшылдардың да, қазіргі лингвист-ғалымдардың да зерттеу-еңбек-

терінде кездеседі.

Табиғаттың адам, этнос санасына әсер ететіндігін, ол әсер ету тілде көрініс табатындығын еркін ассоциативті эксперимент жүргізу арқылы қол жеткізуге болады.

Психолингвистикада мәдениет иеленуші этностың сана образындағы өзгешеліктері мен өз ерекшеліктерін анықтау үшін әртүрлі тәсілдер бар. Бірақ, ең тиімді тәсілдерінің бірі болып ассоциативті эксперимент саналады. Тілдегі ынталандырғыш (стимул)-сөздердің ассоциативті өрістерінің бейнеленуі арқылы жалпы халық танымында әлем образының бейнесін көруге болады. Бұл тұрғыда Н.В.Уфимцева былай дейді: “белгілі бір немесе басқа да ынталандыру – сөздің ассоциациялық өрісі – тек адамның вербальді ойының үзіндісі ғана емес, бұл белгілі бір этностың әлем образының да үзіндісі. Ол үзінді “орташа” мәдениет иеленушінің санасында, оның мотивінде, бағасында, яғни оның мәдени уәждерінде бейнеленеді” [4,140].

Табиғат сөзі қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде былайша анықталған: “Табиғат зат. 1. Дүниедегі барлық тірі және өлі жаратылыс; тіршілік атаулы.

2. Тау, орман-тоғай, өзен-су, бау-бақша.

3. Ауыс. Әрбір заттың, құбылыстың өзіне тән ерекшелігі, қасиеті.

Табиғатты қорғау. Табиғи ресурстарын ысырапсыз пайдаланбау үшін жүргізілетін қоғамдық түрлі шаралар” [5,524].

“Табиғат” стимул-сөзінің қазақ халқының санасында ассоциативті өрістерінің тілдік санада көрінісін айқындау үшін Қазақстан өңірінің үш облысында тұратын респонденттер таңдап алынды: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің 3-курс студенттері (96); Ақтөбе қаласындағы №14 орта мектебінің 10-сынып оқушылары (76); Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданындағы Қ. Жұбанов атындағы орта мектебінің 9-10 сынып оқушылары (57); Ақтөбе облысы Қандыағаш қалалық №2 орта мектебінің 10 сынып оқушылары (54); Алматы қаласындағы мемлекеттік Қыздар педагогикалық институтының 3-курс студенттері (122); Павлодар университетінің 3-курс студенттері (148) адам қатыстырылды. Барлық респонденттер саны – 553 адамды құрады.

Ассоциативті эксперимент жүргізуде, ынталандыру-сөздің психолингвистикалық мағынасын айқындау үшін, З.Д.Попова мен И.А.Стернин ұсынған әдістемені басшылыққа алдық: “сөздің психолингвистикалық мағынасын суреттеу әдістемесін былайша көрсетуге болады:

1. Зерттелетін, ынталандыру-сөзі қатысқан ассоциативті эксперимент жүргізу.

2. Зерттелетін, ынталандыру-сөздің ассоциативті өрісін құрастыру.

3. Семалардың тілдік, жаңа көріністер беретін ассоциативті реакцияларын семантикалық талдау.

4. Жауаптардан алынған семаларды семемалық анықтау (семаларды денотатты принцип бойынша бөлек мағыналарға топтастыра орналастыру).

5. Семалар жиынтығы болып табылатын бөлінген мағыналар құрылымы мен мазмұнын семалық суреттеу.

6. Семантеманы модельдеу. Ол үшін семантемадағы көптеген жаңадан пайда болған семалар ашықтығының (яркость) кемуді бойынша тәртіптеледі [6,117].

Сыналушы-информанттарға стимул-сөздің қасына (қатарына) оны оқыған кезде, сол сөзге байланысты ойға келген барлық сөздерді жазып тартылулары сұралды.

Алынған жауаптар өңделіп, стимул-сөздің

ассоциативті өрісі төмендегідей көрініс берді: стимул-сөз – *табиғат*; қатысқан сыналушылар саны – 553 адам.

Алынған жауаптар (әрі қарай ассоциаттар) реакциясына семантикалық талдау жасаймыз. Семантикалық талдау дегеніміз стимул-сөзден өрбіген семантикалық компоненттерінің (семалар) тілдік жаңа көріністерінің мәнін түсіну болып табылады. Сема деген терминге мынадай анықтама берілгендігін айта кету керек: “Сема (грек. *sema* – белгі) – мағынаның ең кіші бірлігі. С. – белгіленетін заттардың, болмыс құбылыстарының әртүрлі қырлары мен қасиеттерінің тілдегі элементарлы көрінісі. Сөздердің мағыналық өрісін және лексикалық-семантикалық варианттарын зерттеу негізінде қолданатын компонентті талдаудың бірлігі болып есептеледі” [7,181].

Қазақ тілінің семантикасы мәселелерін зерттеу нысанына алған ғалым М.Оразов сөз мағынасының құрылымын анықтау үшін мынадай жолды көрсетеді: “Ол – компонентті анализ жолымен сөз мағынасын талдау. Компонентті талдау негізінде мағынаны бірнеше кіші бөлшектерге семаларға бөлу жатады. ... Семалар сөз мағынасын талдап көрсетуде тигізер пайдасы мол. Салыстырыңыз: *әже* деген сөзде кемінде 4 сема бар: 1) әйел жынысты

Ақтөбе қаласы	Ақтөбе облысы	Алматы облысы	Павлодар облысы
Өзен 171	Ағаштар 111	Тау 121	Орман 148
Ағаштар 170	Өзен 111	Өзен 120	Өзен 147
Дала 100	Дала 108	Орман 118	Ағаштар 145
Тоғай 96	Орман 107	Ағаштар 117	Гүл 143
Орман 94	Гүл 100	Ауа 106	Дала 130
Ауа 89	Тоғай 98	Экология 105	Ана 115
Экология 85	Ана 94	Қорғау 104	Тау 111
Қорғау 77	Тау 63	Аялау 103	Экология 112
Аялау 76	Экология 62	Ана 100	Қорғау 108
Жер 75	Қорғау 57	Жер 98	Аялау 107
Атмосфера 73	Жер 56	Серуендну 96	Ауа 93
Күн 70	Атмосфера 56	Күн 72	Күн 83
Ана 69	Аялау 56	Туризм 65	Жер 75
Тау 67	Серуендеу 53	Көл 63	Серуендеу 60
Серуендеу 66	Суға шомылу 43	Суға шомылу 58	Суға шомылу 54
Саяжай 60	Балық аулау 42	Шың 54	Балық аулау 53
Туризм 53	Аң аулау 40	Балық аулау 50	Туризм 46
Көл 47	Өсімдіктер 35	Аң аулау 46	Тоғай 42
Балық аулау 41	Көл 34	Атмосфера 45	Атмосфера 37
Аң аулау 30	Дем алу 32	Гүл 42	Су 35
Суға шомылу 28	Болмыс 25	Альпинизм 36	Жануарлар 26
Өсімдіктер 26	Саяжай 12	Тоғай 24	Аңдар 22
Қыр 23	Күн 11	Өсімдіктер 20	Өсімдіктер 14
Дем алу 13	Су 7	Жануарлар 16	Болмыс 12
Болмыс 9	Бұлттар 3	Болмыс 3	Жаңбыр 6

адам, 2) жасы үлкен, 3) қандық туыстықты білдіреді, 4) әкенің не ананың анасы. Әйел жынысты білдіру тек әжеге ғана байланысты емес, анаға да, жеңгеге де, сіндіге де, қарындасқа да қатысты сема. Ал жасы үлкендік ағаға да, әкеге де, анаға да, тәтеге де қатысты сема, бірақ осы төрт семаның біреуі жоғарыдағы сөздерді өзара ажыратып жатуға себін тигізеді. Сондықтан семалық талдау сөздердің өзара қатынасын анықтауда, системадағы сөздердің орнын белгілеуде қажет болады, сонымен бірге денотаттық, сигнификаттық мағыналардың өздері де бірнеше семаларға бөлініп кете береді” [8,70].

И.А.Стернин сөздің лексикалық мағынасын мынадай принцип бойынша талдауды ұсынады [9,39]:

- мағына компоненттер (семалар) жүйесінен тұрып, семема құрылымын құрастырады;
- мағынаның барлық компоненттері жиналып бір ғана функционалды бірлікті – семеманы құрайды;
- мағына құрылымында бір ғана түрге, сонымен қатар барлық түрлеріне меншіктелген семантикалық компоненттер көрініс береді;
- мағына құрылымында, басқа мағыналық қатарда денотативті және коннотативті макрокомпоненттер мен басқа макрокомпоненттер көрініс береді, олардың кейбірі өрістік құрылымға ие болады;
- макрокомпоненттер лексикалық мағынаның көлденең ұйымын бейнелесе, микрокомпоненттер (семалар) – тік компоненттер құрылымының ұйымын бейнелейді;
- мағыналардан орталық (ядерные) және шеткі (перифериялық) семантикалық компоненттері көрініс береді;
- мағыналардың өзегін тұрақты, мәнді, айқын өрі жиілік семантикалық компоненттер құрайды;
- өзек семалар жүйелі ішкі құрылысты парадигмалар қарама-қарсылығының негізін құрай отырып, мағынаны тіл жүйесіндегі басқа мағыналарға қарсы қояды; шеткі (перифериялық) семалар өзекті (ядро) толықтырып, сөздің семантикалық дамуына және оның коммуникативті түрленуіне едәуір дәрежеде себепші болады;
- өзекті семалар мен шеткі семалардың нақты шекарасы жоқ, тек жақын және алыс жатқан мағыналар аумағы (перифериясы) болады;
- бір мағына құрылымындағы семалар басқа мағыналарда қайталаынады, белгілі бір мағынада өзекті семалар басқа мағыналарда шеткерілуі мүмкін;
- мағыналар басқа семалармен үйлесіп (синонимдер, антонимдер, гипо-гиперонимдер), кейбір

семалар арқылы ғана өзгешеленеді.

Бұл жоғарыда келтірілген сөздердің лексикалық мағынасын талдау әдіснамасын, біз сөз мағынасының семантика-когнитивті анализдің бастапқы кезеңі ретінде қолданамыз.

Ол үшін ассоциаттардың мағыналары, стимул-сөздің мағынасын түзетін семантикалық компоненттер мағыналарына сай қайта тұжырымдалады. Алынған жауаптар талданып, қорытылады: семантика жағынан жақын, бірақ басқаша аталатын семантикалық компоненттер (семалар) біріктіріліп, олардың жауаптарда кездесетін ассоциаттардың жиілігі жинақталады. Біздің мысалымызда, *табиғат* стимул-сөзінің семантика жағынан бір-біріне жақын, бірақ басқаша аталатын семантикалық компоненттер, ассоциаттардың жанындағы цифр – оның жауаптарда кездесетін жиілігінің көрінісі:

- 1) ағаштар 543, орман 467 тоғай 209, өсімдіктер 95 – орман;
- 2) өзен 549, көл 233, су 42, – су;
- 3) тау 363, шың 54, қыр 23 – тау;
- 4) атмосфера 201, күн 236, ауа 382, жер 304, – атмосфера;
- 5) экология 364, қорғау 346, аялау 342, – экология;
- 6) серуен 275, суға шомылу 179, балық аулау 186, альпинизм 13, – туризм;
- 7) ана 378, – ана, яғни адмның өзін жаратқан табиғат.

Ары қарай семалар тұжырымдалып түсіндіріледі, яғни зерттелетін сөздің мағынасы үстемеленіп семантикалық компоненттері тұжырымдалады. Алынған семалардың тұжырымдамалары зерттелетін, яғни біздің мысалымызда “табиғат” стимул-сөзімен қиыстырылады:

- Табиғат ол – орман.
- Табиғат ол – су болып табылады.
- Табиғат ол – тау.
- Табиғат ол – ауа, күн, атмосфера.
- Табиғаттың бір бөлшегі – адам.
- Табиғат қорғауды қажет етеді.
- Табиғат аясында адам дем алады, серуендейді.
- Табиғат сөзіндегі номинативті өрісінің өзегін (ядро) жоғарыда аталған З.Д.Попова мен И.А.Стернин былайша анықтауды ұсынады:
- анықталатын сөздің синонимикалық кеңеюімен (синонимдер мен фразеологиялық сөздіктер пайдаланылады);
- зерттелетін концептің контекстердегі номинациясын анализдеу арқылы (көркем әдебиет, публицистика мәтіндерін қолдану) табуға болады.
- Номинативті өрістің өзегін алынған ассоциаттар-

дың жауаптарда кездесу жиілігі, олардың мағыналарының жақындығы, тура мағынада қолданылуы, стилистикалық бейтараптық, эмоционалды-экспрессивтіктің болмауы анықтай алады.

Біздің мысалымыздағы “табиғат” сөзінің номинативті өзегі сыналушылардың берген жауаптарында кездесу жиілігі бойынша былайша көрініс берді: “табиғат” – өзен-су, орман, тау, дала, жер, атмосфера. Ал экология, қорғау, аялау, серуендеу, туризм, балық аулау, суға шомылу секілді ассоциаттар “табиғат” сөзінің номинативті өрісінің шеткі (периферия) компоненттері болып саналады.

Ассоциаттардың сыналушылардың тілдік санасында кездесу жиілігін аймақтық тұрғысынан қарағанда былай көрініс берді: Ақтөбе облысы сыналушыларының тілдік санасында табиғат алдымен өзен-су, содан кейінгі орындарда ағаш, орман-тоғай, тау, т.б.; Павлодар облысында тұратындар үшін бірінші орман, кейінгі орындарда өзен-су, тау, т.б.; Алматы қаласының тұрғындарының жауаптарында алдымен тау ассоциаты, сонан соң ғана өзен-су, орман-тоғай, т.б. Мұны сыналушылардың санасына өмір сүретін аймақтық табиғи ландшафт ерекшеліктерінің әсері деп түсінуіміз керек. Осының өзі жоғарыда сөз болған табиғаттың адам санасына әсер ету тенденциясын дәлелдей алады деп есептейміз.

Алынған жауаптардағы ана, экология, қорғау, аялау, секілді ассоциаттардың біршама кездесуі – баспасөз, мектеп оқулықтары, табиғатты қорғауға арналған небір заңнамалардың қабылдануы, жүргізілген іс-шаралардың халқымыздың тілдік санасына әсері. Бұған қазақ халқының табиғатты ерекше сыйлағанды, қастерлегендігі сыналушылардың санасында ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген “обал” тұжырымы ретінде сақталғандығын да қосуға болады деп санаймыз. Ал дем алу, суға шомылу, туризм, т.б. секілді ассоциаттардың кездесуін қазіргі кездегі сәнді дем алу фор-

малары, яғни адамдардың өз демалыс күндерін табиғат аясында өткізетіндігі себеп болған деп ойлаймыз.

Жүргізілген эксперимент кезінде “табиғат” сөзінің номинативті өрісінде көрініс берген ассоциаттарды оның мағынасына қиыстырсақ онда ол былайша көрініс береді: – табиғат – ана, оны қорғау, аялау адамзаттың міндеті; табиғат – адам дем алатын, тыныстайтын мекен.

ӘДЕБИЕТ

1. *Канцельсон С.Д.* Речемыслительные процессы//ВЯ. 1984. №4.
2. *Лурье С.В.* Историческая этнология. М.: Аспект пресс, 1997.
3. *Красных В.В.* Основы психолингвистики и теории коммуникации: Курс лекций. М.: ИТДГК “Гнозис”. 2001. 270 с.
4. *Уфимцева Н.В.* Русские: опыт еще одного самосознания // Этнокультурная специфика языкового сознания. М., 1996.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Ғылым, 1976. 8-т.
6. *Попова З.Д., Стернин И.А.* Семантико-когнитивный анализ языка. Монография. Воронеж: Истоки, 2006. 226 с.
7. *Салқынбай А., Абақан Е.* Лингвистикалық түсіндірме сөздік.-Алматы: Сөздік-Словарь, 1998.
8. *Оразов М.* Қазақ тілінің семантикасы. Алматы: Рауан, 1991. 216 бет.
9. *Стернин И.А.* Лексическое значение слова в речи. Воронеж, 1985.